

2004 жылы бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 434 қаулысы

2004 жылы бірыңғай ұлттық тестілеуді өткізуді қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ шектеулі мерзімде тестілеуді өткізудің қосымша пункттерін ашу қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне тестілеуді өткізудің қосымша 37 пунктін ашу және олардың қызметін қамтамасыз ету үшін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 153979200 (бір жүз елу үш миллион тоғыз жүз жетпіс тоғыз мың екі жүз) теңге бөлінсін.

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес қосымшаға сай заңды тұлғалар тестілеуді өткізудің қосымша пункттері үшін маңызды стратегиялық мәні бар жабдықтар мен олардың қызметін қамтамасыз ету жөнінде қызметтер көрсетуді берушілер ретінде белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 с ә у і р д е г і

N 4 3 4 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Тестілеуді өткізудің қосымша пункттеріне арналған жабдықтар берушілердің және олардың қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтердің тізбесі

	атауы	көрсетуді	көрсету атауы
		берушінің	
		орналасқан	
		жері	

1. "Прайя" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі компьютерлер	Алматы қаласы	Принтерлер Жеке	1508906 7886550
2. "АЛСИ" жабық акционерлік қоғамы Мониторлар	Алматы 1333332	Көшіру қаласы	3813479 аппараттары
3. "Алмаком" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сканерлері	Алматы	Оптикалық қаласы	22523588 маркер
4. "Мемлекеттік стандарттар және тестілеу ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Астана қаласы	Тестілеу пункттерінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	116913345
